

# Тағдырға тосымаған жан

Арнайы ат арытып, Байтуған ауылына келгенімізде, ақпанның аязының қыры сынып, мамыражай шуақты қалыпта еді. Ауыл әкімшілігінің бас маманы Гүлнар Мадиевна өдейі келгенімізге қуанып қалғандай, «келгендеріңіз жақсы болды» деп жол бастап, Қапиза апаның үйіне тарттық. Үй-іші тым-тырыс. Он бала өсіп-



өнген шаңырақтың немере-шөберелері шулап, үйдің «сөнін кіргізіп» жатқан шығар деп ойлаған ем. Апамыз өзі қарсы алды да, етене таныс адамдай өңгімесін бастап кетті. «Қаланың-ақ қызы ем, еркелікті білмей өстік. Ағайынды үшеу едік. Әке-шешем менің бетіме қарап, еркелетіп отыру қайда? Соғыспен қатар тудық қой. Балалық күнім алыстағы бір сағым сияқты. Ес біле ұққаным - еңбек, адалдық, адамдық. Өмір өзі ерте есейтті. Міне, осылай бой жеттім. 1958 жылы шалым Олжабаймен тізе қостым. Өзім - сауыншы, шалым - шофер болып еді. Ортан қолдай он баланы дүниеге өкелдім. Екі баламның бірі кішкене кезінде қайтты, кенже ұлым Жарасым өскерден келген соң, 21 жасында көз жұмды. Десант болып еді, ауылдың мақтанышына айналған комбайншы болған, дөнекерлеудің шебері еді. Қиындыққа мойымайтын. Тіл болды ма қайдам?», - деп бір мезгіл көзіне жас алды Қанипа апа, - «Алланың бергені қазіргі күні сегіз баладан 21 немере, 18 шөбере сүйіп отырмын»,- деді жүзі нұрланып, - «бәрі өз алдына жеке-жеке үй болып кетті. Бүгінгі күні қызым Күлғайша, немерем Алмас пен немере келінім Мадина мені бағып отыр», - дейді абзал ана.

Көз ұшқынында өлі де жігер, қайсарлық бар сияқты. Дидарындағы әжімнің өр қатпары бір із - бір соқпақ, бір мұң - бір қуаныш, бір жеңіліс - бір жеңістің хабаршысындай. Жанарының түкпіріне зер салсаң, әріде жатқан сағынышты байқағандайсың. Кім білсін, ана көңілдің қайда шолып кеткенін? «Марқұм шалым, шал деппін-ау, ол тіпті қартаймай-ақ өмірден озды ғой. Жиырма бір-ақ жыл отастым. Еш баланың қызығын көре алмады. Бар көрген қызығы Мағазды өскерге шығарып салды. Өскерге бару, Отан алдындағы міндетін атқару - бұл үлкен абырой, міндеттің міндеті. Ол қазіргілер ғой денсаулығы жарап тұрса да, өскерге бармай қалуды ар санамайды», - деп қалды.

Әңгіме өр арнаға тарап отырды. Бір байқағаным - апамыз орысша-қазақшаға бірдей екен.

-Апа, осы сіз қандай енесіз? - дедім. «Қайдам, оны ана келіндерден сұра», - деді жүзі жанып, - «өзімнің бес келінім, бес немере келінім бар. Әлі күнге бірде біреуі «сіз қандайсыз» деп көрген жоқ. Кітап оқимын, жүн иірем, шұлық тоқимын, тоқығанға дейінгі жуып-тазалау да өз мойнымда. Немере-шөберемнің бас-аяғын бүтіндеу менің ісім. Енді тамақ жағына, жеке істерін араласпаймын. Отбасы болған соң «ыдыс-аяқ шылдырламай тұрмайды» деген жағдайда мен қашанда келініммен біргемін, өйткені ол немеремнің анасы, жаны нәзік. Әрі мұндай жағдайда саясаткер болуым керек қой, ұлым менен кетпейді, ірге бүтін болса болды да. Сонда өзіңіз бағамдаңыз, менің қандай өне екенімді».

Көзім қолындағы сарғайған кітапшаға түсті. Маған көрсетуге өкеліп тұр. Орден кітапшасы. «2001 жылғы 6 наурыздағы Жарлық бойынша 9 бала туып, тәрбиелегені үшін Илиясова Қапиза «Күміс алқамен» марапатталады» деп жазылыпты. Екінші кітапшада «Илиясова Қапиза 2010 жылғы қыркүйектің 21-дегі Жарлық бойынша «Алтын алқа» алқасымен наградталады» деп жазылған екен. Төменгі жағында Елбасының аты-жөні, қолы қойылған. Қапиза апа сол кітапшаларды алақанымен аялағандай сипап қояды. Ықыласқа толы жанары тереңде тұнған көңіл қошын аңдатқандай. Олай болмағанда ше, тұла бойы тұңғыш Нұрғайшасы Ақмола облысы, Аршалы ауданында мал шаруашылығы бар фермер, қаржы техникумын бітірген. Мағазы мен Фазизы Астанада аэропортта механик, үйлі-баранды. Амантайы - ауылда егін шаруашылығымен айналысады, Мағузы - Көбетей ауылында механизатор. Талғаты - Шахтинск қаласында педагог. Күлғайша пошта операторы оқуын бітіргенімен, мамандығы бойынша жұмыс істемеді, өз отбасы бар. Гүлмирасы Теміртау медициналық училищесін бітірген. Ауылда фельдшер. Көңілі марқаятыны да осыдан ғой. Бір баласы - бір бұтағы, өсіп-өнген өулетке айналып отыр. «Балалары сондай инабатты, тәртіпті, жаман мінездерін еш көрсеткен емес», - дейді ауыл әкімшілігінің бас маманы Тоқабаева Г.М.

-Апа, сегізінші наурыз таяп келеді. Бәріміз де әйелміз, сыйлық алғанды жақсы көреміз. Балаларыңыздан қандай сыйлық күтер едіңіз? - дедім мен.

-Жоға, осылардың амандығы - мен үшін үлкен сый. Жамандығын көрсетпесе, «Қапизаның баласы сондай екен» деген қаңқу сөзді естіртпесе, соның өзі мен үшін сыйлықтың сыйлығы.

-Қыз-келіншектерге тілегіңіз қандай?  
-Ең бастысы аналар қамықпасын. Жүректері таза болсын, иман да, жиған да - сол.

Баяғыдан келе жатқан әңгіме бар: «Баланың қарны ашса, кім жазықты?» деген. Көбісі «анасы» деп жауап береді. Ол жауап дұрыс емес. «Баланың қарны ашса, әке жазықты», - дейді көнелер. Өзі жемеуі бар, қай ана болсын баласын ашықтырмайды. Бірақ қазір ашығатын заман емес. Үйдің жүрегі аналар аман болсын. Үйдің тірегі әкелер аман болсын.

Көненің көзі, асылдың сынығы, ақылы дария, абыз ата-әжелеріміздің бірі тағдырдың тосын сынына жасымаған Қапиза апа - осындай жан!